

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.03.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.03.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да баяндама жасау үшін сөз Әділет министрі Марат Бақытжанұлы Бекетаев мырзаға беріледі.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Ұсынылып отырған заң жобасы қолданыстағы заңнаманы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің ережелерімен сәйкестендіру үшін әзірленді.

Осы мақсатта заң жобасымен 80 заңнамалық актіге түзетулер енгізу ұсынылады, олардың 14-і кодекс.

Түзетулердің басым бөлігі жария-құқықтық дауларға қатысты сотқа дейінгі міндетті шағым беруді енгізумен байланысты.

Мұндай тәртіп қолданыстағы заңнамада көзделгенін айта кету қажет. Мысалы, ұқсас ережелер Азаматтық процестік, Экологиялық және Жер кодекстерінде бар.

Шағымды қарау процесі салыстырмалы түрде жеделдетілген тәртіппен өтетін болады (15 жұмыс күн ішінде, бұл дауларды сотта шешуге қарағанда тезірек).

Жалпы, сотқа дейін реттеу институты азаматтардың мәселелерін уақтылы шешуге және сот шығындарын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұған қоса мемлекеттік органдардың жауапкершілігі артады. Сотқа дейінгі реттеуді қолдану халықаралық ұйымдардың ұсынымдарында да бар.

Шетелдік сарапшылардың пікірі бойынша сотқа реттеуді қолдану билік органдарын жұртшылықпен жақындастыруға және сотқа түсетін жүктемені төмендетуге он әсерін тигізеді.

Түзетулердің басқа тобы жария-құқықтық дауларды қарау бойынша сот ісін жүргізудің жаңа түрін енгізумен байланысты.

Мысалы, Азаматтық процестік кодексінен азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау туралы өтініштері және мемлекеттік органдардың әрекеттеріне дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу ережелерін алып тастау

ұсынылады. Бұл істер бойынша іс жүргізу кодексі шеңберінде жүргізілетін болады.

Сонымен қатар қазір бірқатар заңдарда іс жүргізудің барлық түрлеріне сілтемелер бар. Осыған орай аталған нормалар әкімшілік іс жүргізудің жаңа түрімен толықтырылады.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашы мен Бас прокуратураның өкіліне арналады.

Қаралып отырған заң жобасымен ірі кәсіпкерлік субъектінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылығын көздейтін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі 189-бапты алып тастау ұсынылып отыр.

Осындай әкімшілік істер бойынша іс жүргізуді прокурор қарайды. Егер 189-бап кодекстен алып тасталса, онда өтініштерді қараудың тәртібі мен мерзімдері бұзылған жағдайда ірі кәсіпкерлік субъектілер мен барлық әкімшілік органдар үшін қандай жауаптылық көзделмек? Әлде бұл субъектілер жауаптылықтан толық босатыла ма? Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Ресми статистикаға қарасақ, осы бап бойынша жыл сайын бірнеше кәсіпкер жауапкершілікке тартылған. Біздің ойымызша, бұл жария-құқықтық қатынастар емес, өйткені мемлекеттік органдармен тікелей қатынастар жоқ, бұл тараптар жеке тұлғалар болып табылады. Олардың арасындағы даулар тиісінше азаматтық заңнама шеңберінде шешілуі қажет. Рақмет.

ТӨРАҒА. Болат Бекназарұлы Дембаев.

ДЕМБАЕВ Б.Б. По данной статье привлекаются только субъекты крупного предпринимательства за нарушение ими порядка и сроков рассмотрения обращений физических и юридических лиц. При этом правом возбуждения дисциплинарного производства наделен только прокурор, а рассматривает – суд.

Правильно отметил министр, что это фактически гражданско-правовые отношения, поскольку в проекте Административного процедурно-процессуального кодекса прописано, что если в течение 15 дней гражданин или юридическое лицо не получит ответ на свое заявление, то он имеет право обратиться непосредственно в суд. Естественно, у него возникло такое право. Поэтому я думаю, что правильно эта статья 189 исключается из Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Бакытжанович! Вы в своем докладе отметили, что сопутствующий законопроект вводит процедуры обязательного досудебного обжалования, но нет ясности, на каких уровнях управления

административного органа гражданин, не согласный с решением какого-то государственного органа, может оспаривать его, поскольку из нормы пункта 3 статьи 91 проекта кодекса не совсем понятно, вышестоящий орган – это непосредственно вышестоящий орган или любой другой вышестоящий орган?

Например, родитель имеет претензии к школе, в которой учится его ребенок. Он должен обжаловать решение школы сначала в районном управлении образования, потом в областном управлении образования и только затем – в Министерстве образования и науки? То есть должен пройти все уровни административного органа – от районного до республиканского? Если это так, то поясните, пожалуйста, не усложнят ли и не создадут ли волокиту такие процессы при проведении административных процедур и рассмотрении жалоб наших граждан? Спасибо.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопросы.

В проекте кодекса вводится новый термин «орган, рассматривающий жалобы». Каким образом задумывается этот механизм? Человек может обратиться к любому должностному лицу, у которого есть компетенция рассматривать такую жалобу, только один раз. Он заявление подает, 15 дней выдерживает и, даже если нет ответа, может уже обращаться в суд.

Учитывая, что не совсем ясный из этой нормы порядок, как Вы сказали, предлагаю до второго чтения более четко прописать, что только один раз нужно обратиться к вышестоящему должностному лицу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Это важно упорядочить, чтобы у граждан были четкая ясность и понимание, как работает этот механизм.

Вообще, коллеги, когда человек обращается в государственный орган, он должен быть уверен, что его вопрос решится. И работникам государственных органов необходимо понимать, что после принятия обсуждаемого кодекса значительно усилится их ответственность по рассмотрению обращений граждан и организаций. Работникам государственных органов также нужно понимать, что основной посыл этого нового кодекса изначально подразумевает презумпцию виновности не гражданина, а государственных органов, если гражданин обратится с заявлением в суд. Это абсолютно новый подход. Поэтому государственным органам важно не доводить дело до суда, а решать вопросы граждан еще на стадии досудебного рассмотрения. Это главная идеология в общем-то всего этого кодекса.

Еще раз хочу обратиться, и не только к правоохранительным органам. Почему-то уклон всегда в основном делается в эту сторону. Это очень серьезно. Кодекс теперь подразумевает изменение работы и государственных органов, и чиновников центральных и местных исполнительных органов. В целом закладывается абсолютно новый механизм. Это очень важно понять.

Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Жоғарғы Соттың өкіліне арналады.

Қаралып отырған заң жобасында Азаматтық процестік кодекстен жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдарды қарау бойынша іс жүргізу ережелері алып тасталып, бұл дауларды жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберінде қарау ұсынылып отыр. Ал нотариаттық әрекеттер немесе оларды жасаудан бас тартуға түскен шағымдарды қарау тәртібі жеке сот орындаушыларына берілетін шағымдарды қарау тәртібіне ұқсас неліктен әкімшілік сот жүргізу шеңберінде қаралмайды?

ТӨРАҒА. Айгүл Қуанышбайқызы.

ҚЫДЫРБАЕВА А.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі таңда нотариаттық әрекеттерге шағымдану істері бойынша тәртіп Азаматтық процестік кодексте қалған. Себебі бұл істерде құқық туралы даулар жоқ және бұл істер ерекше іс жүргізу шеңберінде қаралуға жатады, орысша айтқанда. Нотариустер Қазақстан Республикасының атынан әрекет жасайды және әкімшілік шешімдер қабылдайды. Сондықтан Әділет министрлігінің, нотариустердің пікірлерін тындап, осы мәселені жұмыс тобының шеңберінде қарауға болады деп есептеймін.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Сөз депутат Микаелян Наринэ Гамлетовнаға беріледі.

МИКАЕЛЯН Н.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрақтарым Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкіліне арналады.

Менде цифрландыруды белсенді дамыту жағдайында әкімшілік әділетті енгізуге байланысты бірнеше сұрақ бар.

Бүгінде бізде «Цифрлық Қазақстан» арнайы мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, жұмыс істеуде. Жуырда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев оны іске асыру жөнінде кеңес өткізді.

Мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы коммуникациялардың форматы түбегейлі өзгереді деп күтілуде. Алайда әкімшілік рәсімдерді жүргізу барысында цифрландыруды енгізу мәселелері кодекс жобасында ескерілмеген, мысалы, өтініш берушіні тындау және өзге де рәсімдер бойынша.

Қазір мемлекеттік органдар азаматпен тікелей байланыспай, электрондық форматта көптеген қызметтер көрсетуде. Бұл өте тез және тұрғындар үшін ыңғайлы. Осыған байланысты бірінші сұрақ туындайды.

Азаматтар үшін қолайлы ақпараттық технологияларды пайдалануды және оларды кодекс жобасының талаптарымен үйлестіруді қалай жоспарлап отырсыздар?

Екінші сұрақ. Орталықтағы және жергілікті жерлердегі мемлекеттік органдар кодекс жобасында ұсынылған барлық әкімшілік рәсімдерді елді цифрландыру жағдайында орындауға дайын ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Вице-министр Оразбек.

ОРАЗБЕК А.Е. Сұрақтарыңызға рақмет.

Во-первых, надо сказать, что все вопросы, которые затрагиваются в данном Административном процедурно-процессуальном кодексе, в первую

очередь связаны с доступом граждан к процедурам посредством видеоконференцсвязи. Собственно, это каналы связи, о которых мы постоянно говорим. Каналы связи до областных центров у нас качественные. В центрах обслуживания населения Государственной корпорации «Правительство для граждан», акиматах и общественных приемных «Nur Otan» кабинеты обеспечены оборудованием видеоконференцсвязи. Так или иначе все эти инструменты можно будет использовать для взаимодействия с государственными органами.

Я думаю, что на два вопроса ответил одним ответом. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әрине, бізде аударма бар. Осы залда отырған әрбір азаматқа қай тілде сөйлеймін десе де, оған жағдай жасалған. Бірақ, құрметті Асхат Елубайұлы, басқа ұлттың азаматы мемлекеттік тілде сұрақ қойып тұрғанда, басқа ұлттың азаматы қазақ тілінде сайрап тұрғанда Сіз мемлекеттік тілде жауап бермегеніңіз дұрыс емес шығар деп ойлаймын. Соны ойлауыңыз керек. Басқа мемлекеттік органдардың өкілдеріне де айтарым осы.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Смағұлов Асылбек Айжарықұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ А.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Марат Бакытжанович! С принятием Административного процедурно-процессуального кодекса подлежит признанию утратившим силу Закон «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц».

В этой связи у меня следующие вопросы.

Поясните, пожалуйста, не приведет ли это на практике к затруднению в применении положений кодекса простыми гражданами? Ведь теперь многие статьи закона будут распределены в различных главах кодекса.

Скажите, в этих новых условиях насколько будет обеспечено всестороннее и качественное рассмотрение обращений граждан и организаций? Спасибо.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопросы.

Действительно, Закон «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц» ставится на утрату. Теперь эти нормы будут в проекте, а после принятия – в Административном процедурно-процессуальном кодексе. Конечно, будет несколько сложнее пользоваться более объемным документом, но у нас есть две причины.

Во-первых, когда я докладывал сам проект Административного процедурно-процессуального кодекса, рассказал о том, как было принято решение об объединении двух законопроектов. Главная цель – поднять нормы на уровень кодекса, чтобы они имели приоритет над отраслевыми законами, а механизмы защиты работали более эффективно.

Если вернуться к закону об обращениях, из 18 статей этого закона 14 в полном объеме перешли в Административный процедурно-процессуальный кодекс, а 4 статьи носят организационный характер, например, статья о вступлении в силу.

Более того, когда вводится принцип виновности государственного органа или бремя доказывания лежит на государственном органе, человеку достаточно описать его проблему и направить эту жалобу. В дальнейшем всю юридическую работу должен провести сам государственный орган и суд.

Поэтому мы считаем, что эти сложности, которые вы указали, будут компенсированы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Марат Бақытжанұлы, рақмет Сізге. Сұрақтарымыз аяқталды. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз депутат Қожахметов Арман Төлешұлына беріледі.

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне ілеспе жоба болып табылады және бір қатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар көздейді.

Баяндамашы заң жобасының басты ережелері туралы жан-жақты айтып шықты. Заң жобасында 14 кодекс және 66 заңға түзетулер қарастырылады.

Заң жобасының басты мақсаты әкімшілік рәсімдер және әкімшілік сот ісін жүргізуді реттейтін кейбір заңнамалық актілерінің нормаларын негізгі заң жобасымен сәйкестендіру, сондай-ақ «Әкімшілік рәсімдер туралы» қолданыстағы заңда қамтылған ішкі рәсімдер мен актілерге қатысты нормаларды басқа заңнамалық актілерге көшіру болып табылады.

Ұсынылып жатқан түзетулердің көбі жария-құқықтық сипаттағы дауларды сотқа дейінгі реттеу рәсімін енгізуге байланысты.

Заң жобасына сәйкес «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» және «Әкімшілік рәсімдер туралы» қолданыстағы екі Заң күшін жояды. Сол себепті жұмыс тобында осы екі заңның күшін жою орындылығы мәселесі талқыланды.

Сонымен қатар заң жобасын қарау барысында жұмыс тобымен редакциялық сипаттағы, заң техникасына байланысты бірқатар түзетулер енгізілді, жекелеген нормалар қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес келтірілді.

Барлық мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының бірнеше отырысы өткізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Қорыта келгенде, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын осы жалпы отырыста бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Арман Төлешұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлына беріледі.

ДУЛАТБЕКОВ Н.О. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы айтарлықтай көлемді құжат болып табылатынына қарамастан, ондағы түзетулердің басым бөлігі жария-құқықтық даулардың сан алуан түрлері бойынша міндетті түрде сотқа дейін шағымдануды белгілеуге байланысты болып отыр.

Заң жобасының мәтінінде «азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымдануға құқылы» деген сөйлем барлық жерде пайдаланылып, сол арқылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жобасына сілтеме жасалады.

Өз кезегінде кодекс жобасының ережелерінде шағымды қарайтын органға шағымданғаннан кейін ғана сотқа шағым беруге рұқсат етіледі.

Менің ойымша, дау туындаған кезде азаматтар жоғары тұрған мемлекеттік органға міндетті түрде жүгінуге тиіс пе, жоқ па деген мәселені шешпес бұрын біз бұл тетікке заңдылық пен тиімділік тұрғысынан қарауға тиіспіз.

Шын мәнінде, Қазақстан Конституциясының 13-бабында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар екендігі анық әрі нақты айтылған.

Сонымен бірге Азаматтық процестік кодекс судьяларды, егер талап қоюшы заңда немесе шартта белгіленген дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтамаса, талап қоюды қараусыз қалдыруға міндеттейді. Осылайша, бұл институт қазірдің өзінде әкімшілік заңнамада ғана емес, сондай-ақ азаматтық заңнамада да қолданылады.

Бұл сотқа дейінгі шағым берудің міндетті тәртібін белгілейтін заңнамалық актілердің ережелері Конституцияға қайшы келетінін білдіре ме? Менің ойымша, қайшылық жоқ. Өйткені бұл кодекстің 154-бабының 1-бөлігінің 3-тармағына қатысты Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 1 қарашадағы нормативтік қаулысын еске түсірген жөн, онда сот арқылы қорғалуға арналған конституциялық құқық заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады деп айтылған.

Міндетті сотқа дейінгі шағымдану институты жекелеген жағдайларда сот арқылы қорғалу құқығын іске асыру үшін шарт қана болып табылатыны әрі оны шектемейтіні анық, өйткені азамат, сайып келгенде, сотқа жүгіне алады.

Талқыланып отырған институттың қаншалықты тиімді екені осы мәселенің екінші жағы болып табылады.

Пайымдауымызша, сотқа дейінгі реттеу ең болмағанда азамат уақыты мен қаражатын үнемдеп және ең аз шығын жұмсап, жанжалды шеше алатындықтан, тиімді болып табылады. Біріншіден, мемлекеттік бажды төлеу керек емес. Екіншіден, шағым 15 күн ішінде қаралатындықтан, сот шешімін айлап күту қажет болмайды.

Тағы бір артықшылығы – мемлекеттік аппараттың өзін-өзі бақылауы. Көбіне жоғары тұрған органның төмен тұрған орган жұмысындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндігі болмайды, өйткені азамат тікелей сотқа

жүгінеді. Өз кезегінде сотқа дейінгі реттеу төмен тұрған органдардың дұрыс жұмыс істеуін бақылауға мүмкіндік береді.

Шағымдар бойынша жоғары тұрған органның сот күшін жойған шешімдерінің көп болуы бірінші басшы құзыретті ме деген мәселені көтеруге себеп болады. Соның салдары ретінде, тұтастай алғанда, бұл әкімшілік органдардың жұмысына және атап айтқанда, азаматтардың басқару сапасына қанағаттануына оң әсер етеді.

Судьялардың өз назарын басым бөлігі сот төрелігінің сапасына нұқсан келтіре отырып, сотқа дейін шешілуі мүмкін көптеген істерге «уақытын кетірмей», мұқият зерделеуді талап ететін нақты дауларға аударуға мүмкіндік алуы да осы институттың жанама әсері деп қабылдау керек.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік рәсімдік-процестік заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қолдай отырып, әріптестерімнің де оған дауыс беруін сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Орынбасарұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 105, «жақтағандар» – 105. Шешім қабылданды.



Дүртте: Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Мамат Н. Маматжанов.